



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2019 ж. 12 наурыз № 1-04-100  
Павлодар қаласы

город Павлодар

2018-2019 оқу жылын аяқтау және  
Павлодар облысының орта білім беру  
ұйымдарының білім алушыларын  
корытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 1 ақпандығы «2018-2019 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын корытынды аттестаттаудан өткізу туралы» № 53 бүйріғын орындау мақсатында ұйымдастырылған 2018-2019 оқу жылын аяқтау және облыстың жалпы білім беретін оқу орындарында оқушылардың көшпелі және бітіру емтихандарын өткізуге байланысты **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Білім беру басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінен (Ж. Асаинова):

1) жалпы орта білім туралы үздік және жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаттары үміткерлерінің құжаттарын талаптарға сәйкес 2019 жылғы сәуірдің 5-нен бастап мамырдың 15-і аралығында тексерсін;

2) білім беруді дамытудың инновациялық орталығымен (директордың м.а. А. Керимбаев) бірлесіп, 9 (10) сынып оқушыларына арналған емтихан материалдарын дайындасын;

3) білім беру басқармасының негізгі және орта мектептің курсарының емтихандарынан босату туралы бүйріғы – 2019 жылғы мамырдың 25-не дейін, үздік аттестат беру туралы бүйріғы – 2019 жылғы маусымның 15-не дейін дайындасын.

2. Аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша) облыс қарамағындағы жалпы білім беретін мектеп, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер мен мектеп-интернат директорлары:

1) жоғарыда аталған бүйріқта көрсетілген оқу жылын аяқтау, 9 (10), 11 (12) сыныптарының білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мерзімдерін орындауды қамтамасыз етсін (қосымша – ҚР БФМ бүйріғы);

2) ауызша емтихандары үшін емтихан материалдарын (оның ішінде таңдау бойынша) дайындасын;

3) 9 (10), 11 (12) сыныптарында емтихандардан босатуды облыс білім беру басқармасының бұйрығына сәйкес жүзеге асырсын;

4) білім беру басқармасына оқу жылын аяқтау бойынша келесі құжаттарды:

- 9 (10) сыныптар үшін емтихан материалдарына өтінімдер – 2019 жылғы сәуірдің 6-на дейін;

- жалпы орта білім туралы үздік және жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаттарын алуға үміткерлер туралы мәліметтер – 2019 жылғы сәуірдің 5-не дейін;

- жалпы орта білім туралы үздік және жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаттарын алуға үміткерлердің құжаттары – 2019 жылғы мамырдың 17-не дейін;

- бітіру емтихандарынан оқушыларды босату құжаттары – 2019 жылғы мамырдың 18-не дейін ұсынсын.

3. Жалпы орта білім беру мекемелерінде ұйымдастырылған оқу жылының аяқталуына және емтихандарды өткізу жауапкершілігі аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша), жалпы білім беретін мектеп, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер мен мектеп-интернат директорларына жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Ж. Карамбаевқа жүктелсін.

Басқарма басшысы



Д. Болатханұлы

Таныстым \_\_\_\_\_  
(күні, қолы)